

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА**

2025 жылғы 12 мамыр

№ AIFC-C/CFI/2023/0038 іс

**«INTERNATIONAL ACADEMY OF MEDICINE AND SCIENCES (ИНТЕРНЭШНЛ АКАДЕМИ ОФ МЕДИЦИН ЭНД
САЙНСИС)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

Талап қоюшы

қарсы

«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ» мемлекеттік мекемесі

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Лорд Фолкс КС

БҰЙРЫҚ

Жауапкер Талап қоюшыға басқару үшін тиесілі сыйақыны 198 819 000 (жүз тоқсан сегіз миллион сегіз жүз он тоғыз мың) теңге мөлшерінде төлеуге міндетті.

ШЕШІМ

1. Бұл – мен сот отырысын өткізгеннен кейін істің мәні бойынша бұрын шығарылған шешімге қатысты қосымша шешім шығару туралы өтініш.
2. Мен тараптарға басқару үшін тиесілі сыйақы сомасын келісіп анықтауға әрекет жасау жөнінде тапсырма бердім. Олар бітімгершілік туралы келісім жобасын дайындады, онда 198 819 000 (жүз тоқсан сегіз миллион сегіз жүз он тоғыз мың) теңге Жауапкер тарапынан Талап қоюшылардың пайдасына төленуі тиіс екені көзделген («келісілген сома»).
3. Жауапкер бұл сома бойынша сот шешімін шығару туралы өтінішке қарсылық білдіреді. Бітімгершілік келісімге қарамастан, «ақаулар» («Defects») анықталғанға дейін және басқару сыйақысы тиісінше түзетілгенге дейін сот шешімі шығарылмауы тиіс деп уәж келтірілген.
4. Бұл уәж сот талқылауы барысында айтылған уәжді қайталайды. Мен оны бұрын қабылдамағанмын және талап етіліп отырған соманы азайтуға негіз болатын ешқандай себеп жоқ деп санаймын.
5. Осыған байланысты мен келісілген соманы төлеу туралы шешім шығарамын.

Сот қабылдады,

Лорд Фолкс КС,
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік:

Талап қоюшының атынан «Legit Advocates» адвокаттық фирмасы, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, адвокаттар Сергей Ватаев мырза, Илья Кириченко мырза және Елена Дворецкая-Юсупова ханым өкілдік етті.

Жауапкердің атынан «Алматы облысының Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Валерий Лим мырза, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, өкілдік етті.